

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Оқу-ағарту және  
балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі  
Қоғамдық кеңес отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.

№ 1

13 қаңтар 2026 жыл.

17:00 сағ.

**Қатысқандар:** ҚР Оқу-ағарту министрі —  
Ж.Д. Сулейменова; Оқу-ағарту және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері  
жөніндегі қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының  
жетекшісі — Д.Ж. Исмагулов; ҚР Оқу-ағарту министрлігі Заң департаментінің  
директоры — Г.Б. Акитаева; Қоғамдық кеңес мүшелері (тізім бойынша).

**Күн тәртібі:**

1. ҚР Оқу-ағарту министрі Ж.Д. Сүлейменованың кіріспе сөзі;
2. Оқу-ағарту және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының жетекшісі Д.Ж.  
Исмагуловтың отырысты ашуы;
3. Ашық дауыс беру арқылы төрағаны сайлау;
4. Ашық дауыс беру арқылы төралқаны сайлау;
5. Ашық дауыс беру арқылы Қоғамдық кеңестің комитеттерін сайлау;
6. Оқу-ағарту және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңестің үлгілік ережесін бекіту;
7. Отырысты жабу.

**Шешім:**

1. ҚР Оқу-ағарту министрі Ж.Д. Сүлейменова Қоғамдық кеңеске 600 мыңға жуық педагогтің, 22 мың білім беру ұйымының және 4 миллионнан астам білім алушының мүдделерін қолдау және қорғау бойынша міндеттер жүктелгенін атап өтті. Қоғамдық кеңестің негізгі міндеттері басқарушылық шешімдерді талқылау және қабылдау кезінде азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру, қоғамдық бақылауды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік орган қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар министр білім беру ұйымдарының директорларын тағайындаудың жаңа тәртібін енгізу туралы

хабардар етті: директорлар екі жыл мерзімге тағайындалатын болады, бұл ретте білім беру сапасын, білім алушылардың нәтижелерін, қауіпсіздік мәселелерін және педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыруды қоса алғанда, қызметтің оң нәтижелеріне қол жеткізілген жағдайда, мерзімді тағы екі жылға бір рет ұзарту мүмкіндігі көзделеді. Аталған норма ҚР Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығымен іске қосылды.

2. М.А. Әбенев ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Оқу-ағарту және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңесінің төрағасы болып сайлансын.

2.1. Қоғамдық кеңес мүшелері К.У. Батырбекова, Р.М. Қыдырбаева және Д.Н. Құдайқұлова Қоғамдық кеңестің төрағасы етіп тағайындау үшін ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты М.М. Әбеневтің кандидатурасын ұсынды.

Ашық дауыс беру қорытындысы бойынша М.М. Әбенев Қоғамдық кеңестің төрағасы болып сайланды.

М.М. Әбенев Қоғамдық кеңес мүшелеріне оның кандидатурасын Қоғамдық кеңестің төрағасы лауазымына ұсынғаны үшін алғыс білдірді. Өз сөзінде ол педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және оқыту сапасын жақсарту бойынша жұмысты жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ ол өзінің бүкіл кәсіби қызметі білім беру саласымен байланысты екенін хабарлады: ол мұғалімнен бастап министрдің орынбасарына дейінгі жолдан өтіп, білім беру жүйесінің түрлі деңгейлерінде дәйекті түрде қызмет атқарған. Сөз соңында ол бұдан былай да Қоғамдық кеңес жұмысына белсенді қатысуға дайын екенін білдірді.

3. Қоғамдық кеңес мүшелерінің арасынан Қоғамдық кеңес Төралқасының құрамы бекітілді:

1) Абибуллаев Дулат Орынбасарович — Астана қаласының «Педагог-KZ» порталының бас редакторы;

2) Ахатай Баян Орынбасарқызы — Астана қаласының «Ана мектебі» Қоғамдық қорының директоры;

3) Батырбекова Кулянда Увалхановна — «Еркем-ай» Білім беру орталығының Құрылтайшысы, Вице-президенті, басқарма төрағасы;

4) Жампеисов Максат Даулетказыевич — Астана қаласының «Akbulak Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестік даму жөніндегі директоры;

5) Кауров Станислав Сергеевич — Қарағанды облысы білім басқармасының Ақпараттық технологиялар мамандандырылған мектеп-лицей интернатының орыс тілі мен орыс әдебиеті пәнінің мұғалімі;

6) Мәуіт Ырысбек Мәуітұлы — Астана қаласының «Зерделі Ақыл-ой дамыту мектебі» жауапкершілігі шектеулі серіктестік директоры;

7) Шыныбекұлы Өмір – Шымкент қаласының №41 мектеп-лицей коммуналдық мемлекеттік тарих пәнінің мұғалімі.

4. Қоғамдық кеңестің комитеттері сайланды және осы хаттамаға қосымшаға сәйкес қызметінің бағыттары бекітілді.

5. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Оқу-ағарту және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңесі туралы ереже бекітілсін.

Шешім бірауыздан қабылданды.

6. Отырысты жабу.

**Қоғамдық кеңестің  
төрағасы**



**М. Әбенов**

**Қоғамдық кеңестің  
хатшысы**



**Н. Кенебаева**

1-қосымша

Оқу-ағарту және  
балалардың құқықтарын  
қорғау мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңестің 2026  
жылғы 13 қаңтардағы № 1  
хаттамасына

### Қоғамдық кеңес комиссияларының бағыттары

№	ТАӘ	Лауазымы
<b>1. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру бойынша комиссия құрамы</b>		
1.	Әбенев Мұрат Абдуламитулы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
2.	Ақпарова Шынар Куанышовна	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министрі
3.	Алипбаева Гүлсум Азимжановна	Астана қаласы №53 «Мерей» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын балабақша меңгерушісі
4.	Бектурганова Гульнар Канапияновна	Астана қаласы әкімдігінің №1 «Бәйтерек» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын балабақша меңгерушісі
5.	Даулетова Галия Ногаевна	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының президентінің міндетін атқарушы
6.	Сейтов Аман Бактибаевич	«Жекеменшік ұйымдардың Республикалық қауымдастығы» Заңды тұлғалар бірлестігі Жеке білім беруді дамыту институтының директоры
7.	Кудайкулова Динара Нургалиевна	Тәжірибеші өркениетші, «Smart Technological school» жауапкершілігі шектеулі серіктестік заңгерлік қызмет көрсететін компаниясының өкілі
8.	Батырбекова Кулянда Увалхановна	«Еркем-ай» Білім беру орталығының Құрылтайшысы, Вице-президенті, басқарма төрағасы
9.	Шыныбекұлы Өмір	Шымкент қаласының №41 мектеп-лицей коммуналдық

		мемлекеттік мекемесінің тарих пәнінің мұғалімі
10.	Кидирбаева Райхан Мамашиевна	Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы
<b>2. Орта білім беру бойынша комиссия құрамы</b>		
11.	Ақпарова Шынар Куанышовна	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министрі
12.	Абибуллаев Дулат Орынбасарович	Астана қаласының «Педагог-KZ» порталының бас редакторы
13.	Жампеисов Максат Даулетказыевич	Астана қаласының «Akbulak Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестік даму жөніндегі директоры
14.	Кауров Станислав Сергеевич	Қарағанды облысы білім басқармасының Ақпараттық технологиялар мамандандырылған мектеп-лицей интернатының орыс тілі мен орыс әдебиеті пәнінің мұғалімі
15.	Лейменова Алина Сейткановна	Абай облысы білім басқармасының Бесқарағай ауданы білім бөлімінің «Жыланды негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектеп директоры
16.	Мендибаев Мырзағали Оразғалиевич	Маңғыстау облысы білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№21 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің математика пәнінің мұғалімі
17.	Шыныбекұлы Өмір	Шымкент қаласының №41 мектеп-лицей коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тарих пәнінің мұғалімі
18.	Кудайкулова Динара Нургалиевна	Тәжірибеші өркениетші, «Smart Technological school» жауапкершілігі шектеулі серіктестік заңгерлік қызмет көрсететін компаниясының өкілі
19.	Хасанова Гультара Мейрамовна	Ақмола облысы Щучинск қаласының «Active Learning Centre» жеке кәсіпкері
20.	Тойлыбаев Бекайдар Адамбекұлы	Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ақайдар ауылы «Парасатты Қазақстан» қоғамдық бірлестігінің төрағасы
21.	Хорёва Оксана Георгиевна	Шығыс Қазақстан облысы бойынша білім басқармасының Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімінің «Зевакинский кешені жалпы білім беретін

		орта мектеп-балабақша» коммуналдық мемлекеттік мекеме тәрбие жұмысы бойынша мектеп директорының орынбасары
22.	Шыныбекұлы Өмір	Шымкент қаласының №41 мектеп-лицей коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тарих пәнінің мұғалімі
23.	Нұрышов Тлеккабыл Базарбаевич	Батыс Қазақстан облысының Орал қаласы «Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекеме география пәнінің мұғалімі
24.	Кидирбаева Райхан Мамашиевна	Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы
25.	Мәуіт Ырысбек Мәуітұлы	Астана қаласының «Зерделі Ақыл-ой дамыту мектебі» жауапкершілігі шектеулі серіктестік директоры
<b>3. Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру бойынша комиссия құрамы</b>		
26.	Жампеисов Максат Даулетказыевич	Астана қаласының «Akbulak Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестік даму жөніндегі директоры
27.	Кидирбаева Райхан Мамашиевна	Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы
28.	Батырбекова Кулянда Увалхановна	«Еркем-ай» Білім беру орталығының Құрылтайшысы, Вице-президенті, басқарма төрағасы
29.	Ахатай Баян Орынбасарқызы	Астана қаласының «Ана мектебі» Қоғамдық қорының директоры
30.	Тойлыбаев Бекайдар Адамбекұлы	Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ақайдар ауылы «Парасатты Қазақстан» қоғамдық бірлестігінің төрағасы
31.	Хасанова Гүльнара Мейрамовна	Ақмола облысы Щучинск қаласының «Active Learning Centre» жеке кәсіпкері
<b>4. Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру бойынша комиссия құрамы</b>		
32.	Тойлыбаев Бекайдар Адамбекұлы	Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ақайдар ауылы «Парасатты Қазақстан» қоғамдық бірлестігінің

		төрағасы
33.	Хасанова Гүльнара Мейрамовна	Ақмола облысы Щучинск қаласының «Active Learning Centre» жеке кәсіпкері
34.	Шыныбекұлы Өмір	Шымкент қаласының №41 мектеп-лицей коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тарих пәнінің мұғалімі
35.	Хорёва Оксана Георгиевна	Шығыс Қазақстан облысы бойынша білім басқармасының Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімінің «Зевакинский кешені жалпы білім беретін орта мектеп-балабақша» коммуналдық мемлекеттік мекеме тәрбие жұмысы бойынша мектеп директорының орынбасары
36.	Батырбекова Кулянда Увалхановна	«Еркем-ай» Білім беру орталығының Құрылтайшысы, Вице-президенті, басқарма төрағасы
37.	Нурьшов Тлеккабыл Базарбаевич	Батыс Қазақстан облысының Орал қаласы «Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекеме география пәнінің мұғалімі
38.	Ахатай Баян Орынбасарқызы	Астана қаласының «Ана мектебі» Қоғамдық қорының директоры
<b>5. Инклюзивті білім беру бойынша комиссия құрамы</b>		
39.	Әбенев Мұрат Абдуламитулы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
40.	Абибуллаев Дулат Орынбасарович	Астана қаласының «Педагог-KZ» порталының бас редакторы
41.	Бектурганова Гүльнар Канапияновна	Астана қаласы әкімдігінің №1 «Бәйтерек» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын балабақша меңгерушісі
42.	Мендибаев Мырзагали Оразгалиевич	Маңғыстау облысы білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№21 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің математика пәнінің мұғалімі
43.	Даулетова Галия Ногаевна	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының президентінің міндетін

		атқарушы
44.	Нурышов Тлеккабыл Базарбаевич	Батыс Қазақстан облысының Орал қаласы «Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекеме география пәнінің мұғалімі
45.	Лейменова Алина Сейткановна	Абай облысы білім басқармасының Бесқарағай ауданы білім бөлімінің «Жыланды негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектеп директоры
46.	Алипбаева Гультум Азимжановна	Астана қаласы №53 «Мерей» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын балабақша меңгерушісі
47.	Батырбекова Кулянда Увалхановна	«Еркем-ай» Білім беру орталығының Құрылтайшысы, Вице-президенті, басқарма төрағасы
<b>6. Балалардың құқықтарын қорғау және қауіпсіздігі бойынша комиссия құрамы</b>		
48.	Әбенев Мұрат Абдуламитулы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
49.	Кауров Станислав Сергеевич	Қарағанды облысы білім басқармасының Ақпараттық технологиялар мамандандырылған мектеп-лицей интернатының орыс тілі мен орыс әдебиеті пәнінің мұғалімі
50.	Жампеисов Максат Даулетказыевич	Астана қаласының «Akbulak Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестік даму жөніндегі директоры
51.	Сейтов Аман Бактибаевич	«Жекеменшік ұйымдардың Республикалық қауымдастығы» Заңды тұлғалар бірлестігі Жеке білім беруді дамыту институтының директоры
52.	Батырбекова Кулянда Увалхановна	«Еркем-ай» Білім беру орталығының Құрылтайшысы, Вице-президенті, басқарма төрағасы
53.	Шыныбекұлы Өмір	Шымкент қаласының №41 мектеп-лицей коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тарих пәнінің мұғалімі
54.	Тойлыбаев Бекайдар Адамбекұлы	Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ақайдар ауылы «Парасатты Қазақстан» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

55.	Хорёва Оксана Георгиевна	Шығыс Қазақстан облысы бойынша білім басқармасының Шемонаиха ауданы бойынша білім бөлімінің «Зевакинский кешені жалпы білім беретін орта мектеп-балабақша» коммуналдық мемлекеттік мекеме тәрбие жұмысы бойынша мектеп директорының орынбасары
56.	Хасанова Гульнара Мейрамовна	Ақмола облысы Щучинск қаласының «Active Learning Centre» жеке кәсіпкері
57.	Нурышов Тлеккабыл Базарбаевич	Батыс Қазақстан облысының Орал қаласы «Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекеме география пәнінің мұғалімі
58.	Ахатай Баян Орынбасарқызы	Астана қаласының «Ана мектебі» Қоғамдық қорының директоры
59.	Кудайкулова Динара Нургалиевна	Тәжірибеші өркениетші, «Smart Technological school» жауапкершілігі шектеулі серіктестік заңгерлік қызмет көрсететін компаниясының өкілі
<b>7. Білім беру саласындағы цифрландыру бойынша комиссия құрамы</b>		
60.	Бектурганова Гульнар Канапияновна	Астана қаласы әкімдігінің №1 «Бәйтерек» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын балабақша меңгерушісі
61.	Батырбекова Кулянда Увалхановна	«Еркем-ай» Білім беру орталығының Құрылтайшысы, Вице-президенті, басқарма төрағасы
62.	Алипбаева Гульсум Азимжановна	Астана қаласы №53 «Мерей» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын балабақша меңгерушісі
63.	Жампеисов Максат Даулетказыевич	Астана қаласының «Akbulak Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестік даму жөніндегі директоры
64.	Әбенев Мұрат Абдуламитұлы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
65.	Кудайкулова Динара Нургалиевна	Тәжірибеші өркениетші, «Smart Technological school» жауапкершілігі шектеулі серіктестік заңгерлік қызмет көрсететін компаниясының өкілі
<b>8. Білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау бойынша комиссия құрамы</b>		

66.	Акпарова Шынар Куанышовна	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министрі
67.	Сейтов Аман Бактибаевич	«Жекеменшік ұйымдардың Республикалық қауымдастығы» Заңды тұлғалар бірлестігі Жеке білім беруді дамыту институтының директоры
68.	Мендибаев Мырзағали Оразғалиевич	Маңғыстау облысы білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№21 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің математика пәнінің мұғалімі
69.	Даулетова Галия Ногаевна	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының президентінің міндетін атқарушы
70.	Тойлыбаев Бекайдар Адамбекұлы	Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ақайдар ауылы «Парасатты Қазақстан» қоғамдық бірлестігінің төрағасы
71.	Кидирбаева Райхан Мамашиевна	Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы
72.	Абибуллаев Дулат Орынбасарович	Астана қаласының «Педагог-KZ» порталының бас редакторы
73.	Кудайкулова Динара Нургалиевна	Тәжірибеші өркениетші, «Smart Technological school» жауапкершілігі шектеулі серіктестік заңгерлік қызмет көрсететін компаниясының өкілі

*2-қосымша*

*Оқу-ағарту және балалардың  
құқықтарын қорғау мәселелері  
жөніндегі қоғамдық кеңестің  
2026 жылғы 13 қаңтардағы № 1  
хаттамасына*

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Оқу-ағарту және  
балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңесінің  
Ережесі**

**1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің, осы Оқу-ағарту және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестуралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 28 наурыздағы № 112-НҚ «Қоғамдық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Оқу-ағарту және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес (бұдан әрі - Қоғамдық кеңес) - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) құрған консультативтік, кеңесші және бақылаушы органы болып табылады.

3. Қоғамдық кеңес өз қызметінде, Қазақстан Республикасы Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

**2 тарау. Қоғамдық кеңестің мақсаттары мен міндеттері**

4. Қоғамдық кеңестің мақсаты - Оқу-ағарту және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша азаматтық қоғамның пікірін білдіру.

5. Қоғамдық кеңестің міндеттері:

1) азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру және талқылаулар мен шешімдер қабылдау кезінде қоғамдық пікірді ескеру;

2) Министрліктің азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылын дамыту;

3) қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және Министрліктің қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету.

### 3 тарау. Қоғамдық кеңестер қызметінің қағидаттары

6. Қоғамдық кеңестер өз қызметін келесі қағидаттардың негізінде жүзеге асырады:

- 1) тәуелсіздік;
- 2) мүшелерінің қызметі қоғамдық бастамалардың негізінде
- 3) автономиялық;
- 4) еркінділік;
- 5) жариялылық.

### 4 тарау. Қоғамдық кеңестің өкілеттіктері

7. Қоғамдық кеңестің өкілеттіктеріне кіреді:

1) Министрліктің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын, аумақтық дамудың стратегиялық жоспарларының немесе бағдарламаларының жобаларын, Оқу-ағарту және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың жобаларын талқылау;

2) Министрліктің бюджеттік бағдарламаларын, стратегиялық жоспарларын немесе аумақтық даму бағдарламаларын, сондай-ақ Оқу-ағарту және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыруды талқылау;

3) атқарушы органдардың Оқу-ағарту және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мақсатты индикаторларға қол жеткізу туралы есептерін талқылау;

4) Министрліктің бюджеттік бағдарламаларын іске асыру туралы, тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) сатылымынан түскен қаражаты мен оның жұмсалуды жоспарлы түрде орындалуы туралы және қайырымдылықтан түскен қаражаттың жұмсалуды туралы есептерін талқылау;

5) квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының іске асырылуын бақылау нәтижелері туралы есептерді талқылау;

6) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және талқылауына қатысу;

7) қызметтік этика стандарттарын сақтай отыра, мемлекеттік басқаруды жетілдіру және мемлекеттік аппараттың ашық жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеп мемлекеттік органдарға ұсыну;

9) «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңында қарастырылғандай, басқа да формаларда қоғамдық бақылауды жүзеге асыру;

10) Қоғамдық кеңес туралы ережелерін бекіту;

11) қызметтің нақты бағыттары бойынша комиссиялар құру.

Осы баптың 1-тармағының 2), 3), 4), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырғаннан кейін Қоғамдық кеңес Министрлікке

ұсынымдар енгізеді, олар бір ай ішінде, ал 1) тармақшаға сәйкес он күн ішінде Министрдің немесе оның орынбасарының қолы қойылған дәлелді жауаптарын береді. Қоғамдық кеңес, 6) тармақшаға сәйкес нормативтік құқықтық актінің (НҚА) жобасымен қоса ұсынымдарды береді.

## **5 тарау. Қоғамдық кеңестің және оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері**

8. Қоғамдық кеңес мүшелері өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін, құқылы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негізі мен тәртібімен Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен ведомстволық ұйымдарына кіруге;

2) Министрліктің тиісті лауазымды тұлғаларының келісімі бойынша Министрліктің басқа жұмыс органдарының жұмысына қатысуға;

3) осы Заңда бекітілген, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру мақсатында қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша Министрлікке өтініштер жасауға.

9. Қоғамдық кеңес және оның мүшелері өз қызметінде, міндетті:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясының, тиісті заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінің және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің ережелерін сақтауға;

2) өз қызметін қоғаммен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асыруға;

3) Қоғамдық кеңестің қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдары және/немесе онлайн-ресурстар арқылы жылына кемінде екі рет халықты хабардар етуге;

4) қызметі туралы жылдық есепті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау және/немесе оны Министрліктің онлайн-ресурсында орналастыруға.

## **6 тарау. Қоғамдық кеңесті құру тәртібі**

10. Қоғамдық кеңес мемлекеттік органдардың өкілдерінен тұратын жұмыс тобымен және конкурстық процесс арқылы коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері мен азаматтарынан құрылады.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттарды коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтар, соның ішінде өзін-өзі ұсыну арқылы ұсына алады.

11. Қоғамдық кеңестің өкілеттік мерзімі - үш жыл. Қоғамдық кеңес мүшелерінің санын жұмыс тобы анықтайды.

12. Қоғамдық кеңестің құрамы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрығымен бекітіледі және БАҚ-та жариялануға және/немесе Министрліктің веб-сайтында орналастырылуға жатады.

13. Қоғамдық кеңесті құру тәртібіне қатысты басқа да мәселелер, мемлекеттік органның басшысымен бекітілген Қоғамдық кеңес туралы ережемен анықталады.

## **7 тарау. Қоғамдық кеңес мүшелігі кандидаттарына қойылатын талаптар**

14. Он сегіз жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат бола алады.

15. Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидатта, болмауы тиіс:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынып тасталмаған соттылығы;

2) заңда белгіленген тәртіппен сот кінәлі деп танылған сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмысы және/немесе сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық жасағаны;

3) психикалық немесе мінез-құлық бұзылыстары (аурулары), соның ішінде психоактивті заттарды қолдануға байланысты бұзылулар бойынша психикалық денсаулық сақтау қызметтерін көрсететін ұйымдарда тіркелгені.

16. Байқауға қатысу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

1) коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы және/немесе азаматтың Қоғамдық кеңеске ұсыну туралы өтініші;

2) үміткердің кәсіби және/немесе әлеуметтік қызметі туралы ақпарат, оның ішінде өмірбаяндық ақпарат;

3) соттылығының бар немесе жоқ екендігі туралы анықтама;

4) психикалық немесе мінез-құлық бұзылыстарының (ауруларының), соның ішінде психоактивті заттарды қолдануға байланысты бұзылулардың бар немесе жоқ екендігі туралы анықтама.

17. Қоғамдық кеңестерінің сайлау талаптарына сай келмейтін кандидаттар байқауға жіберілмейді.

## **8 тарау. Қоғамдық кеңестің ұйымдастырушылық құрылымы және оның төралқасының, төрағасының және хатшысының өкілеттіктері**

18. Қоғамдық кеңестің ең жоғары органы - отырыс.

19. Қоғамдық кеңестің отырыстары арасындағы қызметті жедел басқаруды қамтамасыз ету үшін Қоғамдық кеңестің төралқасы сайланады.

Қоғамдық кеңестің төралқасының құрамына Қоғамдық кеңестің төрағасы, Қоғамдық кеңесті құрған мемлекеттік органның немесе квазимемлекеттік субъектінің уәкілетті өкілі, комиссиялардың төрағалары және Қоғамдық кеңестің жеке мүшелері кіреді.

Қоғамдық кеңес төралқасының отырыстарына Қоғамдық кеңестің мүшелері болып табылмайтын Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары қатыса алады.

20. Қоғамдық кеңестің төралқасы:

1) Қоғамдық кеңес комиссияларының жұмысын үйлестіреді;

2) Қоғамдық кеңес отырыстарына дайындықты ұйымдастырады;

3) Қоғамдық кеңестің қызметіне ұйымдастырушылық және ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді;

4) Қоғамдық кеңестің ұсыныстарының орындалуын бақылайды.

21. Қоғамдық кеңес төрағасы мен хатшысының өкілеттіктері

Қоғамдық кеңес төрағасы:

- 1) Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырады;
- 2) отырыстарда төрағалық етеді;
- 3) Қоғамдық кеңес атынан құжаттарға қол қояды;
- 4) Қоғамдық кеңес шешімдерінің орындалуын үйлестіреді;
- 5) Министрлік отырыстарына кеңесшілік дауыспен қатысады;
- 6) болмаған кезінде төрағаның міндеттерін Қоғамдық кеңес төралқасы мүшелерінің біріне жүктейді.

Қоғамдық кеңестің хатшысы:

- 1) Қоғамдық кеңес отырыстарын дайындау мен өткізуге байланысты ұйымдастырушылық мәселелерді қамтамасыз етеді;
- 2) Қоғамдық кеңестің кеңсе жұмыстарын ұйымдастырып басқарады, сондай-ақ Қоғамдық кеңес шешімдерінің орындалуын бақылайды.

22. Қоғамдық кеңестің құрамына кіреді:

- 1) Мемлекеттік басқаруды жетілдіруге және министрліктің ашық жұмысын орнатуға бағытталған стратегиялық және басқа да жоспарлардың, бюджеттік және басқа да бағдарламалардың жобаларын және ұйымдастырушылық құжаттарды қарау жөніндегі комиссия;
- 2) Білім беру жүйесін жаңғырту жөніндегі комиссия;
- 3) Персоналды басқару, өтініштерді қарау және білім берудегі және балалардың құқықтарын қорғаудағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, сондай-ақ лауазымдық этика стандарттарын сақтау жөніндегі комиссия;
- 4) Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарау жөніндегі комиссия;
- 5) Білім беру саласындағы кәсіпкерлікті дамыту және балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия.

## **9 тарау. Қоғамдық кеңес қызметінің ұйымдастырылуы мен жұмысының жариялылығы**

23. Қоғамдық кеңестің бірінші отырысын жұмыс тобының жетекшісі ашады, содан Қоғамдық кеңестің төрағасы, хатшысы және бүкіл төралқасы ашық дауыс беру арқылы сайланады.

Қоғамдық кеңестің төрағасы, мүшелердің арасынан – мемлекеттік қызметте жұмыс істемейтін аты танылған қоғам қайраткерлерінен сайланады.

Қоғамдық кеңестің төрағасы, хатшысы және төралқасы сайланғаннан кейін жұмыс тобының және оның төрағасының өкілеттіктері тоқтатылады.

24. Қоғамдық кеңестің негізгі жұмыс формасы – отырыстар. Қоғамдық кеңестің отырысы, оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда

заңды болып саналады. Қажет болған жағдайда, Кеңестің шешімі бойынша Қоғамдық кеңестің отырысына мемлекеттік органдардың, БАҚ, ғылыми, кәсіподақ және басқа да ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ сарапшылар мен басқа да мамандар шақырылуы мүмкін. Қоғамдық кеңестің отырыстары көпшілік үшін ашық.

25. Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық қолдауды Министрлік жүзеге асырады.

26. Хатшы, отырыстың күні, орны, күн тәртібі және қаралатын мәселелер туралы отырыс басталғанына дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей, Қоғамдық кеңес мүшелеріне хабарлайды.

27. Қоғамдық кеңес жұмысының жариялылығы. Қоғамдық кеңес қоғамды мыналар туралы хабардар етеді:

1) азаматтық қоғаммен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының нәтижелері бойынша;

2) Қоғамдық кеңестің құрамы және оның мүшелерінің ротациясы туралы;

3) отырыстардың күн тәртібі;

4) қабылданған шешімдер;

5) қоғамдық маңызы бар басқа да мәселелер.

Ақпарат БАҚ-та жарияланады және/немесе тиісті онлайн-ресурстарда орналастырылады.

## **10 тарау. Қоғамдық кеңес жанындағы комиссиясының қызметін ұйымдастыру**

28. Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру, орта білім беру, тәрбие беру жұмысы және қосымша білім беру, техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру, инклюзивті білім беру, балалардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау, білім берудегі цифрландыру және білім беру жүйесін мемлекеттік қадағалау жөніндегі комиссиялар мемлекеттік басқаруды жетілдіруге және Министрлік қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Комиссия құрылады:

1) Министрліктің әлеуметтік маңызды шешімдерінің қоғамдық мүдделеріне сәйкес келуі бойынша мәселелерді, сондай-ақ Оқу-ағарту және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шағымдарды қарау және оларға қарсы іс-қимыл жасау, сондай-ақ ресми этика стандарттарын сақтау;

2) Министрлікке кадрлық жұмыстарды жүргізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы күш-жігеріне көмектесу;

3) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарау, сондай-ақ Министрліктің нормативтік құқықтық актілердің жарамдылығы мен әзірлеуі жұмыстарымен танысу.

Қарау нәтижелері бойынша комиссия ұсыным түрінде қорытынды шығарады, ол нормативтік құқықтық актінің жобасына қоса беріледі және уәкілетті мемлекеттік органға бірге жіберіледі.

29. Комиссия шешімдері кеңес беру сипатында болады, ашық дауыс беру арқылы қабылданады және комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі қолдап дауыс берген жағдайда қабылданды деп саналады. Комиссия шешімі Қоғамдық кеңестің төрағасының қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

## **11 тарау. Қоғамдық кеңес мүшелерінің өкілеттігін тоқтату**

30. Қоғамдық кеңес мүшесі өз еркі бойынша жазбаша хабарлама беру арқылы Кеңестен шыға алады.

31. Қоғамдық кеңес мүшесі денсаулық жағдайына немесе Заңның 15-бабының 2-тармағында көзделген басқа да негіздер бойынша оның жұмысына қатыса алмайтын жағдайда, Қоғамдық кеңестің шешімімен құрамынан мерзімінен бұрын шығарылуы мүмкін.

32. Қоғамдық кеңес мүшесінің өкілеттік мерзімінің қалған бөлігіне жұмыстан шыққан мүшесінің орнына жаңа мүшесі енгізу туралы шешімді конкурс нәтижелері бойынша немесе «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңның 15-бабының 3-тармағына сәйкес Министрліктің шешімімен қабылданады.